

## **№7 арнайы мектеп интернат педагогтарының жетістігі.**

1. 2022 жылы 13 сәуірде ҚР оқу-ағарту Министрлігінің «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми практикалық орталығы» ұйымдастыруымен арнайы білім беру мамандары арасында «Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогы» кәсіби шеберлік облыстық байқауына, мектеп интернаттың педагог – логопеді А.Даубаева, математика пәні мұғалімі Л.Жұмамұратова, әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау пәні мұғалімі Э. Ешнияова «Арнайы мектептің үздік педагогы» номинациясы бойынша сайысқа қатысты. Байқау барысында мұғалімдер білім және практикалық дағдылар саласындағы кәсіби құзыреттілік деңгейі, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасаудағы кәсіби шеберлігін көрсету мақсатында ашық сабақ, бейне жазбаларын, оқу материалдарын ұсынып, байқау нәтижесімен үздіктердің үздігі анықталып, «Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогы» номинациясымен мектеп интернаттың логопеді Айнұр Даубаева I орын, математика пәні мұғалімі Лаура Жұмамұратова II орын, педагог Эльвира Ешниязова байқауда шығармашылық ізденіс танытқаны үшін арнайы СЕРТИФИКАТ иегері атанды.

2. 2023 жылы «Арнайы білім беру ұйымдарының Үздік педагогы» Республикалық байқау аясында «Арнайы мектеп оқушыларын психологиялық педагогикалық қолдаудың үздік педагогы» номинациясымен I дәрежелі Дипломмен логопед маманы Айнұр Даубаева марапатталды.

3. 2023 жылы «Үздік қысқа мерзімді жоспар – 2023» байқауына математика пәні мұғалімі Лаура Жұмамұратова қатысып, II дәрежелі Дипломмен II орын иеленді.

4. 2024 жылы Арнайы білім беру ұйымдарының арасында өткізілген «Арнайы білім беру ұйымдарының үздік педагогы – 2024» байқауына бастауыш сынып мұғалімі Айгүл Нағашыбаева, мектеп интернат дефектологы Есім Инабат қатысып, шығармашылық ізденіс танытқаны үшін СЕРТИФИКАТ берілді.

5. 2024 жылы I Республикалық «Teach Start – 2024» атты Республикалық Олимпиадаға бастауыш сынып мұғалімдері Сәуле Ержанова, Катира Уалиева, Айгүл Нағашыбаева, Гаухар Ахметовалар қатысып, III орынмен марапатталды.

6. 2025 жылы Арнайы білім беру ұйымдарының арасында өткізілген «Арнайы білім беру ұйымдарының үздік педагогы» республикалық байқауының облыстық кезеңіне қатысып, шығармашылық ізденіс танытқаны үшін түзету пәні мұғалімі Айгүл Дәуітоваға СЕРТИФИКАТ берілді.

Кәсіби біліктілік арттыру жолында мектеп интернат педагогтары әдістемелік нұсқаулық әзірлеген

Атап айтар болсақ,

1. «Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу» тақырыбында әдістемелік нұсқаулық. 2022 жыл. Мектеп интернат директоры Жуматова Перизат Алмашовна
2. «Басқарудың қазіргі парадигмалары және құндылықтары» Мектеп интернат директоры П.А. Жуматова.
3. «Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға білім беру мен қалыпты ортаға бейімдеудің әдіс тәсілдері.» Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж. Илиясова, әлеуметтік педагог Ж. Қалмаханова
4. «Арнайы мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру.» директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Ә. Әлменбетова.
5. «Бастауыш сынып педагогтарының кәсіби шеберлігі, құзыреттілігі.» бастауыш сынып мұғалімдері: С.Ержанова, К. Уалиева.
6. «Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен ұйымдастырылатын жұмыс түрлері.»
7. «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту ерекшеліктері.» Пән мұғалімдері: Л. Жұмамұратова, С. Тапалова, Ж. Расимова.
8. «Арнайы түзету мектептеріне арналған қазақ тілі пәнінен диктанттар жинағы.» Қазақ тілі пәні мұғалімдері: А. Қалиева, А. Шериева.
9. «Жалпы тіл кемістігі бар бастауыш сынып оқушыларын оқытатын логопедтерге арналған әдістемелік құрал.» Логопед маман: А. Даубаева.
10. «Ерекше білімді қажет ететін балаларды тәрбиелеу жолдары.» Топ тәрбиешілері: С. Қырданова, А. Дәуітова, Н. Ерсатова, Ғ. Нұртазаева, А. Боранбаева.
11. Тәрбие жұмысындағы ұлттық ойындар. Топ тәрбиешілері: К. Қожахметова, Г. Мейзамова, М. Абсаламова.
12. «Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу» тақырыбында әдістемелік нұсқаулық. 2022 жыл. Тәрбиеші: Ш. Төлеп.
13. «Музыка пән мұғалімінің педагогикалық тәжірибесі, кәсіби даму шеберлігі» 2024 жыл Б. Әлменбетова.
14. «Инклюзивті білім беру үдерісінің заңнамалық негізі» тақырыбында әдістемелік нұсқаулық. 2024 жылы топ тәрбиешісі Г. Майхиева.
15. «Инклюзивті білім беру жағдайында критериалдық бағалау жүйесін ұйымдастыру» тақырыбында әдістемелік нұсқау. А. Абзиева. 2024 жыл.
16. «Шығармашылық сабақ – дамытылған сабақ» М. Боташева 2025 жыл.

1. 2022 жылы Нұрсұлтан қаласында өткізілген «Халықаралық жұлдызды сәт» өнер байқауына ең үздік өнерпаз дайындаған жетекші тәрбиеші А. Боранбаева **Құрмет грамотасымен** марапатталды.
2. «Алаш өнер орталығының» ұйымдастыруымен Нұрсұлтан қаласында өткізілген «Халықаралық жұлдызды сәт» өнер байқауына ең үздік өнерпаз дайындаған жетекші тәрбиеші А. Боранбаева Құрмет грамотасы **Үздік жетекші** номинациясымен марапатталды.
3. Тәрбиеші А. Байдалиева - «Құрмет грамота» 2022 жыл.
4. Тәрбиеші Ғ. Нұртазаева - обл әкімнің «Алғыс» 2022 жыл.
5. Тәрбиеші Ғ. Нұртазаева - обл әкімнің «Алғыс хат» 2023 ж, Өрлеу «БАҰО» АҚ филиалы «Алғыс хат» 2023 ж, білім басқармасы «Құрмет грамота» 2023 жыл, шексіз шығармашылық «Алғыс» 2023 ж
6. Тәрбиеші Ш. Жоламанова - обл білім басқармасы «Құрмет грамота» 2022 жыл.
7. Тәрбиеші Ж. Байлова - Өрлеу «БАҰО» АҚ филиалы «Алғыс» 2022 ж.
8. Тәрбиеші Г. Майхиева - Өрлеу «БАҰО» АҚ филиалы «Алғыс» 2022 ж.
9. Тәрбиеші Г. Мейзамова-кәсіподақ комитеті «Құрмет грамота» 2022 ж
10. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Әлменбетова - обл білім басқармасы «Құрмет грамота» 2022 жыл.
11. Тәрбиеші Н. Ерсатова - обл білім басқармасы «Алғыс» 2022 жыл, Өрлеу «БАҰО» АҚ филиалы «Алғыс» 2022 ж, «Алғыс хат» мәдениет басқармасы – 2025 ж
12. Тәрбиеші А. Боранбаева - шексіз шығармашылық бойынша «Алыс» 2022 - 2023 жыл, жүрек жылуы «Алғыс» 2024 жыл, білім басқармасы «Алғыс» 2023 жыл, Республикалық білім бағы «Алғыс» 2023 жыл.
13. Тәрбиеші Ж. Қазыбаева - облыстық кәсіподақ комитетінің «Құрмет грамота» 2023 жыл.
14. Тәрбиеші Б. Жұматаев - мектепшілік «Құрмет грамота» 2023 жыл.
15. Тәрбиеші Т. Омаров - «Алғыс» мектепшілік 2023 жылы.
16. Тәрбиеші Л. Нұрыллаева - мектепшілік «Құрмет грамотасы» 2023 ж.
17. Тәрбиеші К. Қожахметова - облыстық білім басқармасының «Алғыс» хаты 2023 жыл.
18. Тәрбиеші Л. Қаниева - Өрлеу «БАҰО» АҚ филиалы «Алғыс» 2023 ж.
19. Тәрбиеші М. Боташева – мектепшілік «Алғыс» 2024 жыл.
20. Тәлімгер Ш. Төлөп – облыстық білім басқармасы «Алғыс» 2024 жыл.

Ерекше балаларды оқытып тәрбиелеуде, педагогтар өз пәніне қатысты тәжірибемен бөлісу мақсатында авторлық бағдарламалар жасауда:

1. 2024 жылы, ән әуез пәні мұғалімі Ұ. Исакова «Күй өнері. XIX –XX ғасырдағы атақты күйшілер» тақырыбында күй өнерінің құдыреті мен атақты күйшілер жайлы авторлық бағдарлама жасады.
2. 2024 жылы, денешынықтыру пәні мұғалімі Н. Сатқаровтың Өрлеу «БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институтының қолдауымен «Бейімделген дене шынықтыру шағын футбол» тақырыбында футбол ойнаудың әдіс тәсілі туралы 8 сынып оқушыларына арналған авторлық бағдарламасы жарық көрді.
3. 2025 жылы, бастауыш сынып мұғалімі К. Уалиева «Мәтінді талдау әдістері арқылы оқу процесін жақсарту» тақырыбында бастауыш сыныпта мәтіндегі сөздерді тұтас оқып, үйрену арқылы сұрақтарға жауап беріп, сөздік қорды молайту, жақсартуға болатыны жөнінде авторлық бағдарлама жазды.
4. 2025 жылы «Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау арқылы қоғамға интеграциялау: мүмкіндіктер мен қиындықтар» тақырыбында пән мұғалімі Э. Ешниязова авторлық бағдарлама жасады. Бұл «Әлеуметтік тұрмыстық бағдарлау» пәні бойынша әзірленген бағдарлама ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды қоғамға бейімдеуге, күнделікте өмірде қажетті тұрмыстық және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Бағдарламаның басты мақсаты – оқушыларды өзіне-өзі қызмет көрсетуге, тұрмыстық міндеттерді орындауға, қоғамдық ортада өзін-өзі дұрыс ұстауға, қарым-қатынас орнатуға және жеке қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету болып табылады.

1. 27 қазан 2022 жылы Қызылорда облыстық оқу орталығы әдістемелік кабинет және №7 арнайы мектеп интернатының бірлесіп ұйымдастырған «Арнайы білім мен тәрбиені қажет ететін балаларды қоғамдық ортаға кіріктіру барысында еңбекке баулудың әдіс тәсілдері мен технологиялары» тақырыбында облыстық семинар өткізілді.

**Мақсаты:** білім алушылардың оқу-еңбек іс-әрекетін дамыту мүмкіндіктерін жүзеге асыру, оларды бастапқы кәсіби дағдыларын игеруге және дене мүмкіндіктерін ескеріп, өз бетімен еңбек етуге даярлау.

Облыстық семинарға облыстық оқу оқу орталығының әлеуметтік-педагогикалық қызмет бөлімінің әдіскерлері Г. Жұмағалиқызы, А. Аманбайқызы, «Өрлеу біліктілік арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институтының PR-SMM Г. Махмұтова, ПМПК басшысы Н. Сариева, №5 мектеп интернат директоры Ж. Ахметов, Қызылорда облысы бойынша логопед мамандар мен пән мұғалімдері, облыс бойынша 34 педагог қатысты.

Семинарды облыстық білім басқармасынан «балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік қорғау бөлімінің басшысы Ш.О. Жүнісова мен ұжым басшысы П.А. Жұматова ашып, келген қонақтарды интернат тынысымен таныстырды.

- «Кәсіби еңбекке баулу» пәні мұғалімі Э. Ережепова 7 «а» сыныбымен «Ілмек бізбен бұйым тоқу» тақырыбында қыз балалармен ашық сабақ;
- «Жалпы еңбекке баулу» пәні мұғалімі Б. Әбенев 5 «а» сыныбында «Дәнді дақылдарды жабыстыру арқылы ою-өрнек жасау» тақырыбында ұл балалармен ашық сабақ;
- «ӘТБ» пәні мұғалімі Э. Ешниязова 6 «б» сыныбымен «Ас үй ыдыстары» тақырыбында ашық сабақ;
- «Кәсіби еңбекке баулу» пәні мұғалімі Г. Мамахатова 8 «а» сыныбы қыз балалармен «Жастық тыстың жиегін тарлау»;
- «Оқу және тіл дамыту» пәні мұғалімі А. Шериева 6 «а» сыныбында «Достық» тақырыбында;
- Бастауыш сынып мұғалімі М. Досжанова мен ән әуез пәні мұғалімі Ұ. Искакова математика сабағынан 2 «а» сыныбында «7 саны» тақырыбында «кіріктірілген сабақ» өткізді.
- «Математика» пәні мұғалімі Л. Жұмамұратова 9 «б» сыныбында «Көптаңбалы сандарды қосу және азайту» тақырыбы;

- Бастауыш сынып мұғалімі С. Ержанова 4 «а» сыныбында «Айналадағы әлем» пәнінен «Арнайы қолданыс көліктері» тақырыбында ашық сабақ;
  - Топ тәрбиеші Ғ. Нұртазаева Ыбырай Алтынсариннің «Шағын әңгіме шебері» тақырыбында тәрбие сағатын;
  - Тәрбиеші К. Қожахметова «Еңбегіңмен еленсең сен.» жайлы әңгімелеп;
  - Логопед мамандар А. Даубаева, А. Дилдабаева, дефектолог мамандар Е. Инабат, Г. Сейтман «Түзету сабақтарында қолданылатын ресурстардың маңыздылығы» тақырыбында семинар-практикум жүргізіп, арты оқушылардың дайындаған концерттік бағдарламаға ұласты.
  - Семинар соңында облыстық мекемелерден келген қонақтар өз ойларын ортаға салып, пікірлерімен бөлісті.
  - Семинарда ашық сабақ көрсеткен педагогтарға облыстық оқу орталығының СЕРТИФИКАТЫ табысталды.
2. 21 желтоқсан 2022 жылы №7 арнайы мектеп интернатында түзету пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен «**Менің әлемім шексіз!**» тақырыбында семинар практикум өткізілді.

**Мақсаты:** Аутизм балалармен олардың ата-аналарына, мамандарға, мұғалімдерге және тәрбиешілерге педагогикалық психологиялық көмек беру жолдары мен әдістері.

Мектеп интернат психологы А. Ж. Елдесбаева «Түзете дамыту жұмыстарының бағыттары» тақырыбында баяндама оқыса, логопед маман А. У. Даубаева АСБ диагноздары бар балалармен тіл дамыту жұмыстарымен таныстырды.

3. 2023 жылы мектеп интернатта «**Мектеп, ата-ана, бала арасындағы байланыс нәтижелілігі**» тақырыбында ашық есік күні өткізілді.

**Мақсаты:** оқушы, ата-ана ынтымақтастығын нығайту және бірлескен жұмыстар нәтижесінде баланың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету.

Ашық есік күніне келген ата-аналарды қарсы алып, тіркеп, мектеп интернаттың тынысымен танысты және оқушылардың дайындаған бұйымдарынан көрмені тамашалады.

Мектеп интернат директоры П.А.Жуматова ата-аналар жиналысын ашып, білім алушылардың оқу-тәрбие процесінде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Ә. Алменбетова тәрбиеленушілердің мектептен тыс жұмыстармен қамтылуы жайлы таныстырды.

Түзету пәні бірлестігі ата-аналарға кеңес ретінде білім алушыларға түзету көмектің әдіс-тәсілдерін бірлесіп орындады.

Денешынықтыру пәні мұғалімі Н. Сатқаров эстафеталық ойындар ұйымдастырса, мектеп интернат психологы А. Елдесбаева «Жүрек жылуы» тақырыбында тренинг өткізді.

Ашық есік шарасы мектеп интернат тәрбиеленушілерінің дайындаған концерттік бағдарламасымен қорытындыланды.

4. 30 қаңтар 2024 жылы II тип оқу бағдарламасымен оқытылатын сыныптардың **«Түзете-дамыту сабақтарын әзірлеу тәсілдері»** тақырыбында мектепшілік семинар өткізілді.

**Мақсаты:** ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс жасайтын мамандармен тәжірибе алмасу және түзете-дамыту үдерісінің сапасын арттыру.

Семинарда жазу пәнінен Ә.Артықова 6 «б» сыныбымен «Бейнеленген заттарды атау және тану» бойынша, бастауыш сынып мұғалімі Г. Ахметова санау пәнінен «Сурет бойынша есеп құрастыру» жайлы, санау пәні мұғалімі С. Тапалова «Геометриялық пішіндер» тақырыбында сабақ өтті.

Семинардан күтілетін нәтиже білім берудегі инновациялық технологиялар мен модельдерін игеру мақсатында II тип оқу бағдарламасымен оқытылатын сынып мұғалімдері қатысты.

5. 28 қаңтар 2025 жылы **«Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелері»** тақырыбында мектепшілік семинар өткізілді.

**Мақсаты:** ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істейтін мамандарға, әрбір білім алушының ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып жеке әдіс-тәсілдерді пайдалануда озық педагогикалық тәжірибемен бөлісу және түзете дамыту жұмысының сапасын арттыру.

- Топ тәрбиешілері Ш. Жоламанова, К. Налибаева «Бір мақал, бір бауырсақ» әдісімен семинарға қатысушыларды күтіп алды.
- Педагог психолог А. Елдесбаева жылы ынтымақтастық атмосферасын орнату мақсатында «Ата-аналармен тренинг» өткізсе,
- қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Ә.Артықова «Зат есім» тақырыбында ашық сабақ;
- Топ тәрбиешісі А. Ибрагим «Әжемнің сырлы сандығы» жайлы ашық тәрбие сағатын;

- Жаратылыстану пәні мұғалімі Г. Бисембаева «Тыныс алу мүшелері» тақырыбында;
- Топ тәрбиеші Г.Омарова «Мамандықтың бәрі жақсы»»;
- Педагог-логопед А. Даубаева «Ұлттық тағамдар»;
- Арнайы мамандар: И. Есім, Г. Сейтман, А. Дилдабаева «Балалардың танымдық іс-әрекетін ойын жаттығулар арқылы дамыту» тақырыбында ата-аналардың қатысуымен кіріктірілген сабақ үлгісін көрсетті.

Оқу мен тәрбие бірлігінің маңыздылығын іс-тәжірибе барысында педагог – мамандар көрсете блді.

Семинар соңында ата-аналар кері байланыс жасап, тілектерін жеткізіп, тәжірибемен бөлісіп, жұмыс көрсеткен педагогтерге мектеп интернатының сертификаттары берілді.